

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1352 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 904 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 904 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 40, 455-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Жошыбаев Рәпіл Сейітханұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары;

Орымбаев Ардақ Сиязбекұлы - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары;

Жоламан Рүстем Қабидоллаұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт бірінші вице-министрі;

Ыбырайым Нұрлан Мұхтарбекұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Аппараты Басшысының орынбасары (келісім бойынша);

көрсетілген құрамнан мыналар шығарылсын: Әбусейітов Қайрат Қуатұлы, Рябченко Олег Григорьевич, Қабденова Мәриям Нұрымқызы, Мыңбаев Алмас Саятұлы.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*